

лық және психологиялық тұрғыда бағалаудың үздік үлгісі еді.

Көркем мәтінді психолінгвистикалық негізде қарастырудың ерекшелігі ондағы кореляциялық элементтердің көрінісі мен автордың жеке түсінігі өзара тығыз байланыста қаралады. Сөйтіп, көркем мәтіннің тілдік табиғаты автордың жеке таным түсінігіне айналады. Бұл жөнінде Г.О. Винокур көркем мәтіндегі автордың өзіндік тұлғасын қайта қарау мүмкіндігін тілдік талдаулар көмегімен жазушы тілін зерттеу мақсатында оның «ішкі әлемін», «жан-дүниесін» тануға болады. Ғалымның пікірінше, бұл мүмкіндікті мәтін тілін тыңдарман мен оқырман терең түсініп қана қоймайды, оны қабылдауға, сезінуге болады деген тұжырым жасайды. [7;210]

Жалпы мәтіндегі таным-түсінік жүйелі түрде орталық жүйке жүйесіне, миға тікелей бағынышты. Көркем мәтіндерде болатын сезім толғаныстары бүкіл денені билеп, адам кейпін ерекше әсерге бөлейді. Барша дене қызметінің басын бір сәтте біріктіруімен сезім өздігінен организмге пайдалы не зиянды әсер-

дің хабаршы қызметін атқарады. Сезімдік сигнал әсері дененің жауап беру әрекеті айқындалмай жатып та санаға жетуі мүмкін. Сезімнің пайда болуы мен қалыптасуына үлкен ми жарымшарлар қабығы маңызды қызмет атқарады. Жазушы шағармада ақиқат өмірдің кез келген оқиғасын емес, тек оның өз көңіліне жақын келген, жүрегімен сезілген көріністерді ғана бейнелегендіктен оқырманға әсер етеді. Мәтінге эмоционалды-мағыналық реңк береді. Сондықтан да мәтіннің психолінгвистикалық зерттеу нысаны ретінде әр қилы ерекшеліктер байқалады.

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. IV Том. Психология. – Алматы, Ғылым. 1998.-448 б.
2. Леонтев А. А. Языкознание и психология. М: Наука, 1997-118 с.
3. Слобин Д., Грин Дж. Психолінгвистика. –М: Прогресс, 1976-350 с.
4. Сорокин Ю. А. Психолінгвистические аспекты изучения текста. – М: Наука, 1985-245с.
5. Белянин В.П. Психолінгвистические аспекты художественного текста. М: Мосунов, 1988.-218 с.
6. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность.-Л: Наука, 1974-428 с.

Копбаева Ж.

Особенности текста как психолінгвистического аспекта

В статье рассматриваются психолінгвистические аспекты изучения текста.

Kopbaeva J.

Features of the text as a psycholinguistic aspect

The article discusses psycholinguistic aspects of studying the text.

А. Ж. Қалымбетова

«Аяжан» медицина колледжінің оқытушысы

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСАТЫН БІЛІК-ДАҒДЫЛАР

Лексика-грамматикалық бөліктің ең негізгі мақсаты – тіл үйренушінің осы сала бойынша тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптағы тілдік құрылымдарды дұрыс құрастырып, қатысымда қолдана алуын, сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту негізінде тілдік күзіреттілікті қалыптасу деңгейін анықтау және бағалау болып табылады.

Тілдік күзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматикаға негізделеді.

Функционалды грамматика барлық тілдік бірліктердің функционалдық ерекшеліктерін сабақтастықта қарастырады және практикада белсенді түрде тілді меңгеруге бағытталады.

Әзірлемешіге қойылатын талаптар:

Белгілі бір тапсырманы орындау үшін тіл үйренушінің сол тапсырманы орындай алатындай білімі болуы шарт.

Тестіленуші тапсырманы не үшін орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсінгенде ғана оны саналы орындайды, әрі белгілі бір дағдысы қалыптасады.

Берілген тапсырма тестіленушінің қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыратындай түсінікті (түсіндіріліп) берілуі керек.

Тест тапсырмалары белгілі бір жүйемен, мысалы, “белгіліден белгісізге, жеңілден қиынға қарай” орындалуы керек.

Бір тапсырма ұзақ уақытқа созылмауы керек. Тапсырманың мөлшері тіл үйренушінің деңгейіне бейімделіп берілгені жөн.

Әрбір тапсырма тіл үйренуші еңбегінің нәтижесін көрсетіп отыруы керек.

Тапсырманы орындау барысында тестіленушінің білімі бекіп, өз бетімен грамматикалық тест тапсырмаларын орындай алатындай дағды қалыптасуы керек.

Тестілену барысында қалыптасатын ком-муникативтік дағдылар:

- Контекстегі (мәнмәтіндегі) сөздердің мағынасын түсіну және қолдана білу;

- түбір мен қосымша арасындағы дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу, қосымшаларды дұрыс жалғай білу;

- сөздер арасындағы дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу;

- қазақ тіл білімі саласындағы грамматикалық құрылымдарды айыра алу;

- Қазақ тіліндегі мағыналас (синоним), көп мағыналы сөздер мен омонимдердің, антоним сөздердің жұмсалудың, яғни лексиканы аңдай алу;

- Мамандық салаларына қатысты терминдерді, терминдік тіркестерді түсініп, орынды қолдана білу;

- Сөйлеу және жазу барысында сөз формаларын дұрыс қолдану;

- Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтау;

- қазақ тілінің лексикалық қабаттарын, әсіресе, жаңа тілдік қолданыстарды меңгеру;

- Грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды, стилистикалық нормаларды тілді қолдану аясында пайдалана білу дағдысы және т.б;

Осы мақсатты негізге ала отырып, тіл үйренуші немесе тестіленуші әр деңгей бойынша лексика-грамматикалық қандай білік-дағдыларды қалыптастыруы тиіс деген сұраққа жауап беру үшін, әр деңгейдегі сөз табының негізгісі – зат есімді алып қарастырайық.

Қарапайым деңгей

Дара зат есімдер

1. Дара сөзді белгілеңіз.

(Отметьте простое слово.)

- A) ауыл
- B) елтаңба
- C) баспасөз
- D) ел-жұрт

Берілген тест тапсырмасында дара сөз бен күрделі сөзді айыра алу дағдысы қалыптасады. Мысалы, А дистракторындағы сөз бір ғана түбірден құралған, ал В, С дистракторындағы сөздер екі сөздің бірігуінен жасалса, D дистракторындағы ел-жұрт сөзі қос сөз екенін есте сақтауға тырысады.

2. Кім? сұрағына жауап беретін дара сөзді көрсетіңіз.

(Укажите простое слово, которое отвечает на вопрос кім?)

- A) құс
- B) балық
- C) шебер
- D) жан-жануарлар

Тестіленуші мұнда қазақ тіліндегі сөздердің қайсысы **кім?** қайсысы **не?** сұрағына жауап беретінін білуі тиіс. Мысалы, А, В, D дистракторындағы сөздер не? сұрағына жауап беретінін, ал С дистракторындағы **шебер** сөзінің адамның мамандығына қатысты екенінін, кәсіп иесінің кім? деген сұраққа жауап беретініне дағдыланады.

Зат есімнің күрделі түрлері

1. Екі сөзден құралған адамның атын белгілеңіз.

(Укажите имя человека, которое состоит из двух слов).

- A) Асқар
- B) Арман
- C) Мөлдір
- D) Ерсұлтан

Бұл тест тапсырмасында тестіленуші екі сөзден құралған адам атын айыра алуы керек. Яғни, адам есімдерінде кездесетін күрделі атауларды білуі тиіс. Мысалы, Асқар, Арман, Мөлдір сөздері бір ғана түбірден, ал Ерсұлтан сөзінің екі сөзден (Ер және сұлтан) құралғанын айыра алу дағдысын жетілдіреді.

2. Сөйлемді толықтырыңыз.

(Дополните предложение).

Менің ... зауытта жұмыс істейді.

- A) ата-анам
- B) бала-шаға
- C) ардагер қарт

Д) сынып жетекшісі

Бұл тест тапсырмасы бойынша көп нүктенің орнына дистракторда берілген күрделі сөздердің бірін қою керек. Сөйлем бірінші жақта тұр, сондықтан бірінші жақ көрсеткіші болатын сөзді таңдауға дағдыланады. Яғни, күрделі сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғандағы ерекшеліктерді ажырата алу дағдысын қалыптастырады.

Күрделі сөзді көрсетіңіз.

(Укажите сложное слово).

А) туыс

В) көрші

С) жолдас

Д) әке-шеше

Біріккен сөздер. Жер-су атаулары

1. Екі сөзден құралған жер-су атауын белгілеңіз.

(Укажите слитное географическое название).

А) Тараз

В) Құлан

С) Көлсай

Д) Шелек

2. Екі сөзден *біріккен* сөзді белгілеңіз.

(Укажите слитное название)

Біз ... бардық.

А) Семейге

В) Талғарға

С) Астанаға

Д) Көкшетауға

Бұл тапсырмалардағы жауаптардың барлығы жер-су атаулары, бірақ тестіленуші оның ішіндегі екі сөзден біріккен сөзді таба алу білік-дағдысын қалыптастыруға үйренуі керек.

Жалпы, жалқы зат есімдер

1. Жалпы атауды табыңыз.

(Найдите нарицательное существительное).

А) Қала

В) Астана

С) Алматы

Д) Қаратау

2. Жеке заттың атауын табыңыз.

(Найдите название конкретного предмета).

А) Қазақ елі

В) Қазақстан

С) Қазақ жері

Д) Қазақ халқы

Берілген тест тапсырмасы бойынша тестіленушінің жалпы есімдер мен жалқы есімдерді айыра алу, жеке зат пен жалпы атауға не жататын білу дағдысы қалыптасады.

Зат есімнің жалғаулары

Жіктік жалғауды орынды қолдана алу дағдысын қалыптастыратын тест тапсырмалары

Қажетті сөзді белгілеңіз.

(Отметьте нужное слово).

1. Мен ..., ал Жарқынай тігінші.

А) студент

В) студентсіз

С) студентсін

Д) студентпін

2. Дұрыс жауапты табыңыз.

(Найдите правильный ответ).

- Сіз кәсіпкерсіз бе?

А) Иә, сіз кәсіпкерсіз.

В) Иә, біз кәсіпкерміз.

С) Иә, мен кәсіпкермін.

Д) Иә, олар кәсіпкерлер.

Тәуелдік жалғауды жақ бойынша, оңаша, ортақ түрде дұрыс қолдана алу дағдысын қалыптастыратын тест тапсырмалары

1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

(Вместо многоточия вставьте нужное слово).

Менің ...

А) әке

В) әкең

С) әкесі

Д) әкем

2. Сөйлемді аяқтаңыз.

(Дополните предложение).

Қазақ тілі – қазақ халқының басты

А) байлық

В) байлығы

С) байлығың

Д) байлығымыз

Септік жалғаулары

Ілік септігін (жай түрі) орынды қолдана алу, заттың кімге, неге тәуелді екенін ажырата алу дағдысын қалыптастыратын тест тапсырмалары

1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.

(Вместо многоточия вставьте нужное слово).

... немересі

А) әжемнің

В) әжемді

С) әжемде

Д) әжеммен

2. Заттың иесін табыңыз.

(Найдите обладателя предмета).

- А) Ажар киім алды.
- В) Ажардың орамалы
- С) Ажарда орамал жоқ.
- Д) Көйлекті Ажардан ал.

Жатыс септігі және оның мағыналары:
мекендік мағынаны басқа мағыналардан
(мезгіл, мөлшер т.б.) ажырата алу дағды-
сын қалыптастыратын тест тапсырмалары

1. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

(Вместо точек вставьте нужное слово).

Асан мен Ұлан ... кездеседі.

- А) Астанада
- В) Қарағанды
- С) Атыраудың
- Д) Теміртаудан

2. Дұрыс жауапты табыңыз.

(Выберите правильный вариант).

-Абзалдың ағасы қайда тұрады?

- А) Ақтауды
- В) Ақтөбенің
- С) Теміртауда
- Д) Шымкентте

Шығыс септігі және оның мағыналары.
Мекендік мағынаны білдіру қандай грам-
матикалық форма арқылы жүзеге асаты-
нын айыра алу дағдысын қалыптастыра-
тын тест тапсырмалары

1. Қайдан? сұрағына жауап беретін сөзді белгілеңіз.

(Отметьте слово, которое отвечает на вопрос откуда?).

- А) театрда
- В) жиналысқа
- С) концерттің
- Д) спектакльде

2. Дұрыс жауапты табыңыз.

(Найдите правильный ответ).

- Сіз қайдансыз?

- А) Есікке.
- В) Балқашты.
- С) Алмалының.
- Д) Қарасайданмын.

Осылай базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейде тест тапсырмалары «жеңілден күрделіге» қарай өтіп отырады. Әр тапсырма бергілі бір білік-дағдыны қалыптастыруға көмектеседі.

Қорыта келгенде, берілген әр тест тапсырмасының өз мақсаттары мен міндеттері болады. Тестіленуші тест тапсырмасын орындай отырып, лексика-грамматикалық құрылымдарды еске түсіреді, дистрактордан өзіне қажетті дұрыс нұсқасын таңдай алады. Сөйтіп белгілі құрылымға қатысты білік-дағдысы қалыптасады.

1. Күзекова З. Пазылова Г.С. Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ тілі тестілеу теориясы мен практикасы. – Алматы, 2009

2. Аванесов С. Формы тестовых заданий. – М., 2005.

А. Ж. Калымбетова

Способы формирования умения и навыков лексико-грамматического блока

Каждое тестовое задание создано для определенной цели, имеет свою миссию и свои характеристики. В зависимости от цели, тестовые задания имеют свои умения и навыки. Данная статья предназначена для улучшения навыков и умения лексико-грамматического блока.

A. J. Kalymbetova

Methods of forming ability and skills of the lexical-grammatical unit.

Each test is created for a particular purpose, it has mission and own characteristics. Depending on the purpose, tests have their own ability and skills. This article is intended to improve the skills and knowledge of the lexical-grammatical unit.

С. А. Қамаева,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
 доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Орыс тілді аудиторияларда оқытылатын қазақ тілі бағдарламасы көбінесе кәсіби бағытқа орайластырылған. Себебі жоғары оқу орындарында түрлі мамандықтарға сәйкестен-

дірілеген мемлекеттік – тіл бағдарламалары студенттерді кәсіби шеберлікке, біліктілікке тәрбиелейді деген ұғымнан туындаған. Ендеше, тілмен қоса оқытылатын ақын-жазу-